

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ

Ақпанбет Н.Н.

n.19-79@mail.ru

PhD, доктор

А.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан тарихы кафедрасы

Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы (2020ж.15 наурыздағы №285) және ҚР БҒМ бұйрығының (2020ж.14 наурыздағы №108) негізінде 2020 жылдың 16 наурызынан бастап А.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушылары қашықтықтан сабақ өткізді. Қазіргі уақытта іске асырылып жатқан курстарды табысты аяқтау мақсатында қашықтықтан оқыту форматында бірнешеге жуық оқытушы және білім беру ұйымдарының басшылары келесі біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша оқытудан өтіп жатыр. Университетте қашықтықтан оқыту форматында оқытушылар, moos.ebu.kz арқылы тест тапсырып, өз қаблеттеріне қарай топтарға бөлінді. 2020 жылдың тамыз айында қашықтықтан оқыту жағдайындағы заманауи оқытушының цифрлық дағдылары атты «компьютердің бағдарламалық және аппараттық қамсыздануы URL», «онлайн – коммуникациялар, цифрлық контенттің құрылуы», «Zoom.видео», «Microsoft Teams нұсқаулық», «электронды оқыту», «Google сервистары, қашықтан оқыту жағдайындағы Coursera, FutureLearn», «Udacity ресурстарын қолдану» т.б. тақырыпта Microsoft Teamsпен онлайн курсы жүргізілуде.

Оқытушының біліктілігін арттыру – сабақ беру мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңадан және бұрын алынған кәсіби білімін, іскерлігін, дағдысы мен құзыретін дамытуға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіби оқыту нысаны. Ал, біліктілік дегеніміз – бұл білімдегі, тәжірибедегі, берілген білімді меңгертудегі бейімділік, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік болып табылады. Сонымен қатар, біліктілік – тиісті кәсіби қызмет шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажет кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы. Білімді де білікті маман даярлаудың мақсаты — маманның бойында іргелі де жүйелі білім, кәсіби іскерлік пен дағды, шығармашылық белсенділік пен еркіндік, мәдени ойлай білу қабілеттерін қалыптастыру.

Қазіргі өркениетті қоғамдағы алға қойылып отырған басты міндеттердің бірі арнайы білім беру жүйесіндегі жетістіктерді дамыта отырып, оны жаңаша бағытта ұйымдастыру нәтижесінде жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыру мәселесі болып отыр.

Қазіргі педагогикалық тәжірибе дефектолог, логопед мамандардан мектепке дейінгі жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытуды қамтамасыз етуде объективті түрдегі ақпараттармен толықтырылған коммуникативтік қабілеттілік пен сөйлеу әрекетін бейнелейтін коррекциялық-педагогикалық нұсқаулардың құрылуын талап етіп отыр.

Көрсетілген сөйлеу тіліндегі кемшілік кезіндегі түрлі психологиялық-педагогикалық ықпал ету жұмыстары біртұтас психологиялық әдістемелерге ортақ талдаулардың қорытындысын логопедке жалпы сөйлеу тілі бұзылған баланың сөйлеу тілінің дамуындағы объективті жағдайлардың қорытындысы мотивациялық қажеттілік сферасының қалыптасу деңгейі, қарым-қатынасқа түсу актісінің операциялық механизмдерінің даму деңгейі, сөйлеу кезіндегі тілдік сипаттағы құралдардың қолданылуы түрінде сипатталады [1;34-35].

Қашықтан оқыту – елімізде жалпы білім беру және арнайы білім жүйесінің құрылымдық жүйесі және ұйымдастыру, әдіс-тәсілдердің елеулі өзгерістерін білдіретін ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды арнайы оқыту формасы. Бұл өзгеріс барлық балалардың психофизикалық жағдайлары мен даму деңгейіне қарамастан әлеуметтену, тәрбиелеу, білім беру және дамытудың қашықтан электронды әдістерінің бейімделген жүйесін жасақтауда.

Қашықтан оқытудың негізгі міндеттері:

- қашықтан білім беру бойынша оқыту сапасын жоғарлату;
- қашықтан білім беру технологиясының онлайн және оффлайн коммуникация құралдарына техникалық қолдау көрсету;
- оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі;
- қашықтан білім беру тұжырымдамасы мұғалімнің жетекшілігімен оқыту, сондай-ақ қосымша

өз бетімен білім алу болып табылады. Қашықтан оқыту - бұл зерттелетін материалды оқушыға жеткізу үшін ақпараттық технологиялардың жиынтығы, оқу үрдісінде студенттер мен оқытушылардың интерактивті байланысы, сондай-ақ оқу процесінде зерттелетін материалды дамыту бойынша өз беттілік жұмысы бар оқушыларды қамтамасыз ету [2;234]. Қазіргі заманғы техникалық құралдар оқу материалдарын өз қажеттіліктеріне сәйкес студент түзете алатын мүмкіндік береді. Мысалы, студенттің көру қабілетінде кемшілік болса оқушы материалдағы шрифт түрі мен көлемін өзіне ыңғайлы етіп үлкейтіп қарауына, суретті қойып немесе орнын ауыстыруына, түсін өзгертуіне, тақырып жазарда өзіне ыңғайлы графикалық символдарды қолдануына мүмкіндік бар. Осылайша, ең қолайлы сипаттамалары зерттелетін материалды студент өзі таңдайды. Тірек-қимыл аппараттары қиындық туындататын студенттерге ыңғайлы компьютер құралдары қарастырылған, тышқан және

клавиатура және т.б. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қашықтан оқыту құралдарының бірі бейнеконференция арқылы Skype бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану болып табылады. Skype бағдарламасында жұмыс жасап отырып, құжаттарды тең редакциялау мүмкіндігі үшін, мұғалім Google Drive сервисін қолдана алады. Бұл әрекетті орындау үшін, мұғалім жаңа құжат жасайды немесе Word бағдарламасында бұрын құрылған құжатты пайдаланады, оны Google Drive ішіне жүктеп, құжатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді және осы құжат сілтемесін студентке жібереді.

Қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы маңызды кезең виртуальдық (синхрондық немесе асинхрондық) өзара іс-қимыл. Синхрондық өзара іс-қимыл студент пен оқытушының нақты уақыт режиміндегі қатынасты қарастырады. Бұл үшін қашықтықтан оқыту жүйесінің чаттары немесе бейне конференциялар қолданылуы мүмкін. Асинхрондық өзара іс-қимыл студент пен оқытушы нақты уақытта қарым-қатынаста болмаған жағдайда жүзеге асырылады, бұл жағдайда қашықтықтан оқытудағы байланыстар жіберу тізімдерінің немесе телеконференциялардың көмегімен электрондық пошта бойынша хат алмасу арқылы ұйымдастырылады. Оқытушының кеңесі (синхрондық немесе асинхрондық) – қашықтықтан оқытуды орындаудың міндетті шарттары.

Қорыта айтқанда қашықтықтан білім алу тыңдаушылар үшін тиімді оқыту жүйесі болды. Бұл жүйеде оқытушы студенттің жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді. Білім беру жүйесінің ортасында студент тұратынын ескерсек, оқыту жүйесі тұтасымен өзгереді. Қазіргі ұстаздардың алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес студенттің білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін оқытушы үздіксіз ізденісте, кәсіби білікті болуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Г.И. Туретаева, «М.Оспановтың Егемен Қазақстан қалыптасуы мен дамуындағы ролі» халықаралық ғылыми-теориялық конференция. Ақтөбе, 2019.-34-35 бб.

2. Кобрина Л.М. Дистанционное обучение детей с ограниченными возможностями здоровья как средство интеграции в системе специального образования/ Л.М. Кобрина, Е.Т. Логинова// Международная науч.-практ. конф. «Формирование социокультурных компетенций в непрерывном образовательном процессе»: сб. науч. статей. ФИРО., МИЭПП. – М.: Изд-во МГОУ, 2009. – С. 233–238.

3. <https://articlekz.com/kk/article/23533>

4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Сындарлы қоғамдық диалог-қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» 02.09.2019 ж.